

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
рәміздерінің 30 жылдығына арналған
**«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ
АРХИТЕКТУРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
30 наурыз 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
**«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ
АРХИТЕКТУРА»**

посвященной 30-летию Государственных символов
Республики Казахстан.
30 марта 2022 г.

MATERIALS

of the international scientific conference
«STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE»
dedicated to the 30th anniversary of the State symbols
of the Republic of Kazakhstan.
30 March, 2022

НҰР-СҰЛТАН
NUR-SULTAN

УДК 001
ББК 72
Қ.18

Қ.18 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ АРХИТЕКТУРАСЫ» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/Материалы международной научной конференции «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРА» посвященной 30-летию Государственных символов Республики Казахстан/ Materials of the international scientific conference «STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE» dedicated to the 30th anniversary of the State symbols of the Republic of Kazakhstan – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022.– 306 б. - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-337-649-3

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ этноархитектура саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері және сәулет пен құрылыстағы жалпы проблемаларға арналған баяндамалары енген.

The proceedings are the papers of researchers, doctoral students, undergraduates and students on topical issues of natural and technical sciences and humanities also the results of scientific research in the field of ethnoarchitecture and general problems in architecture and construction.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук, а также результаты научных исследований в области этноархитектуры и общих проблем архитектуры и строительства.

**УДК 001
ББК 72**

ISBN 978-601-337-649-3

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022**

На основании приведенной методики реновации жилищного фонда были получены следующие выводы.

Для районов, включающих в себя одноэтажные дома частного сектора, целесообразно проводить 100% снос домов и использовать данную территорию для перспективной застройки. Реновацию территории с малоэтажными домами, например, 2-3 этажные дома барачного типа 50-60-х годов постройки, следует выполнять аналогично. Дома такого типа уже не соответствуют современным требованиям, имеют значительных физический износ строительных конструкций и инженерных коммуникаций. Проведение реконструкции такого жилого фонда неразумно для государства по причине больших экономических затрат.

Остро стоит вопрос о реновации 5-этажных жилых домов. На основании проведенного анализа, примененная комплексная методика реновации показывает, что часть зданий попадает под снос, а часть подвергается реновации. В зависимости от физического износа жилья, 5-этажные дома, построенные в 60-70-е года, в 65-70% разумно будет пустить под снос. В оставшихся случаях целесообразнее проводить реновацию жилья в форме реконструкции или капитального ремонта.

В настоящее время особую значимость приобретает так же задача сохранения существующего жилого фонда посредством грамотной его эксплуатации и своевременной реконструкции жилья. Если же оценка физического износа жилого фонда позволяет продлить срок службы пятиэтажек, разумно выполнить капитальный ремонт с целью увеличения срока службы жилья. Ликвидация физического и морального износа здания, оснащение жилых зданий современным инженерным оборудованием, повышение эксплуатационных характеристик и архитектурной выразительности позволят сохранить жилой фонд.

Выполнение программы реновации позволит не только улучшить жилищные условия миллиона людей, но и сформировать современную качественную городскую среду, где будет создано пространство для комфортного проживания, отдыха и работы.

Список использованных источников:

1. Жуков Д.М. Экономика и организация жилищно-коммунального хозяйства: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Издательство ВЛАДОС–ПРЕСС, 2018. – 411 с.
2. Официальный сайт Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан <https://gov.kz/memleket/kds/press/news/sostoyanie-zhilishnogo-fonda>
3. Горшков Р.К. Формирование рынка доступного жилья. - М.: АСВ, 2010. - 152 с.
4. Луценко Д.В., Привезенцев М.А., Темников М.В. Управление инвестиционными процессами в жилищно-коммунальном комплексе города. - М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2017. - 315 с.
5. Официальный сайт Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан <https://bala.stat.gov.kz/dinamika-dohodov-naseleniya/>

ӘОЖ 72.012

ҚАРҚАРАЛЫ ҚАЛАСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУ ЖОЛЫ РЕТІНДЕ «GUEST HOUSE» ҚОНАҚ ҮЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бәйдібеков Ә. К.

baidabekov_ak@enu.kz

т. ғ. д., профессор, МК ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Байжанова Ж. Б.

zhazira79@list.ru

т.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Жүсіп А. Н.

aigulnarkenqyzy@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
7М02121- «Дизайн» ББ 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Әлемдегі қазіргі жағдайда туризм қарқынды дамып келе жатқан және экономиканың дамуында жетекші рөл атқаратын салалардың біріне айналды. «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» туристік ағынды ұлғайту мақсатында кедергілерді азайту және саланы стратегиялық жоспарлау арқылы саланың әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мәселелері көтерілді [1].

Қарағанды облысында туристік кластерді ұйымдастыру үшін ең қолайлы аумақ ретінде Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласы болып табылады. 2022 жылдың басында қала тұрғыны 8 649 адамды құрады. Халық саны бойынша Қазақстандағы 87 қаланың ішінде 77-ші орында[2]. Қаланың бәсекелік артықшылығы бірегей мәдениетіне негізделген тарихи туризм, көркем табиғаты экотуризм, сонымен қатар спорттық, экстремалды туризм сияқты белсенді демалыс түрлерімен айналысу мүмкіндігін береді[3]. Қарқаралы қаласы сияқты шағын елді мекендерде туристік бизнес идеясы ретінде «GUEST HOUSE» (сурет 1) ұйымдастыру - қолайлы демалыс үшін жағдай жасаумен бірге қандай да бір мәдени бағдарлама ұсынылуы арқылы, иесі үшін жаңа клиенттерді тартуға көмектесе отырып, қаланы тыс жерлерге де танымал ету мүмкіндігін береді. XX ғасырдың соңында жаңа «GUEST HOUSE» ұғымы жаппай қолданыла бастады. Соған қарамастан, ол кәсіпкерлік ортаға жақсы еніп, саяхатшыларды орналастырудың танымал түріне айналды.




Сурет 1. Еуропа елдеріндегі жиі кездесетін «GUEST HOUSE» бейнесі

«GUEST HOUSE» - та тұру арзанырақ, туристер дәстүрлі қонақ үйде орналастырылғанға қарағанда үлкен тәуелсіздікке ие болуы, ыңғайлы және оларға салыстырмалы еркіндік береді. «GUEST HOUSE» - та турист тоқтайтын бөлме әдетте жақсы жабдықталып, тұру үшін қажетті жабдықтары бар, жайлы болып келеді.

Үлкен қонақ үйлер мен хостелдермен салыстырғанда, «GUEST HOUSE» соншалықты қымбат емес, себебі көп қызметкерлер ұстаудың қажеті жоқ. Төмен шығындар, шағын салық аударымдары және басқа да жағымды жақтар «GUEST HOUSE» иелері үшін табысты арттырады. Бәсекелестік жағдайында әр «GUEST HOUSE» иесі үшін әрдайым дерлік клиенттерге сапалы қызмет көрсету, оларды ыңғайлы орналастыру, бұл өз кезегінде бұл қызметті сұранысқа ие және арзан етуге мүмкіндік беретін артықшылығы.

Қарқаралы қаласында туризмді дамыту жолы ретінде «GUEST HOUSE» қонақ үйін ұйымдастыру мүмкіндіктерін анықтау үшін жергілікті тұрғындар арасында жүргізілген сауалнамада (сурет 2), жауап берушілердің 65% қызмет көрсету деңгейін көтеру керектігін

маңызды деп тапқан болатын. Шағын қалаларда туризм секторындағы жұмыс алгоритмі қарапайым. Әдетте «GUEST HOUSE» иелері өмір сүру жағдайларының сапасын жақсартуға, жылжымайтын мүлік инфрақұрылымын дамытуға, оның тартымдылығын ілгерілетуге және қалыптастыруға ұмтылады.




Сурет 2. Сауалнамаға жауап берушілердің Қарқаралы қаласында туризм дамуы үшін қандай маңызды қадамдар жасалуы қажет екендігі туралы пікірі (респонденттердің жалпы санынан % - бен).

Бірге-бірге қызмет түрлерін көбейту мақсатында, содан кейін күрделі туристік өнімдерді ұсынып, жүзеге асыру жолдарының келесідей экскурсиялық бағыттарды атап өтуге болады:

- 5 – 10 – 15 шақырымдық жаяу серуендер ұйымдастыру, оның ішінде маршрутты игеруге қажетті жабдықтарды жалға беру, жүктерді алып жүру, тамақтандыру сияқты бар мүмкін қызмет түрлерін ұсыну;
- Жергілікті көрікті, тарихи жерлерге, жидек, саңырауқұлақ теретін жерлерге тақырыптық экскурсиялар ұйымдастыру және өткізу. Мұнда да экскурсияны ұйымдастыруға және сүйемелдеуге, туристерді тасымалдау қызметтері арқылы қосымша қаражат табуға болады;
- Қызықты бағыттардың бірі - велосипедпен жүру, өзен бойымен жүзу, атқа міну сияқты белсенді демалыс түрлерін ұйымдастыру. Онда иесінен басқа, жылжымайтын мүлік серіктестері қаражат таба алады (жабдықты жалға беру, қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз ету);
- Шағын қалаларда бизнесті дамытудың тағы бір мүмкіндігі жасанды шоу алаңын (мұражайлар, бақылау алаңдары, туристік топтардың уақытша тұрақтары, кәдесый дүкендері және т.б.) құру болуы мүмкін, бұл әдетте клиенттердің назарын аударады және сол аумаққа келуінің себебі болуы мүмкіндігін арттырады.

Кәсіпкерліктің бұл түрі аймақ үшін әрқашан үлкен әлеуметтік маңызға ие. Бұл ретте шағын елді мекен мен үлкен қала халқының арақатынасы санындағы сәйкессіздік, сондай-ақ жастар мен орта жастағы адамдардың ауылдардан кету мәселесі туындайды. Мұның себептері жұмыстың болмауы, жалақының төмендігі және тұрмыс жайлылығының төмен дәрежесі, инфрақұрылым жағынан ауруханалардың, балабақшалардың, мәдениет үйлерінің және т. б. дамымауы, алыс орналасуынан немесе толық болмауынан көрінеді[4]. Осының нәтижесінде, ыңғайлы өмір сүру жағдайларын, сондай-ақ жалақысы жоғары жұмыс орындарын іздеп, тұрғындар туған жерлерінен кете бастайды.

Қарқаралы қаласының туризмін және «GUEST HOUSE» қонақ үй түрін дамыту аумақтағы әлеуметтік проблемаларды шешуге ықпал етеді, жергілікті халықты кәсіпкерлік қызметке тарту арқылы проблемаларды біртіндеп шешуге мүмкіндік береді[5]. Қарқаралы ауданының тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін негізге ала отырып (сурет 3, 4), жауап берген респонденттердің жартысының тұрмыс жағдайларының әртүрлілігіне қарамастан, аталған бизнеспен айналысуға қалаулары бар екендігі анықталды.




Сурет 3. Қарқаралы ауданының тұрғындарының сұрақтарға жауаптары (респонденттердің жалпы санынан % - бен): а) Сіздің жасыңыз? ә) Сіздің жынысыңыз? б) Қарқаралы қаласының тұрғынысы ба? в) Қарқаралыда туризмді дамытуға қатысты бизнеспен айналысуды ойладыңыз ба?

Айта кетсек, Қарқаралы қаласында «GUEST HOUSE» қонақ үйлер ісінің сәттілігін ең алдымен, жеке меншік иесінің отбасына тиесілі болатын келесі факторлар анықтайды:


- иелерінің кәсіби біліктілігі;
- туристерді қызықтыру мүмкіндігі;
- бүкіл отбасының ынтымақтастығы және тиімді қарым-қатынасы;
- көршілермен жақсы қарым-қатынаста болуы;
- жеке қасиеттер (әдептілік, көшбасшылық қабілеті, т.б.).

Демек, «GUEST HOUSE» ісін бастауда мынадай елеулі артықшылықтарын атап өтуге болады:


- Арнайы тәжірибесі жоқ адамдарға да бизнесті бастап, жүргізуіне мүмкіндік беретін айтарлықтай бәсекелестіктің болмауы;
- Қосымша арнайы лицензия алудың қажеті жоқ, меншік иесі жеке кәсіпкер ретінде тіркеле алады немесе жеке шаруа қожалығы ретінде қызмет ете алады;
- Шағын қаладағы туризм, ауылдық бизнес үшін тамаша идея;
- Егер сіздің жеке үйіңіз болса, ресурстарды айтарлықтай үнемдеу мүмкіндігі.



б)



в)



Сурет 4. Қарқаралы ауданының тұрғындарының сұрақтарға жауаптары (респонденттердің жалпы санынан % - бен): а) Тұратын жеріңіз үй ма әлде пәтер ма? ә) Үйіңізде көп уақыт бойы бос тұратын бір немесе одан көп бөлме бар ма? б) Егер үйіңізде бос бөлме болатын болса, Қарқаралыға келетін туристерді қабылдайсыз ба? в) Сіз «GUEST HOUSE» -тың басты бәсекелестік артықшылығы - жыл бойы сапалы туристік қызметтерді қол жетімді бағамен қамтамасыз ету, деген пікірмен келісесіз бе?

Жоғарыда айтылғандардан «GUEST HOUSE» қонақ үйлері ұлттық дәстүр мен мәдениетті қолдауға, қолөнерді дамытуға, тарихи мұраны қорғауға, шетелдік туристер келетін болса, әртүрлі елдер халықтары арасындағы мәдени қарым-қатынасты кеңейтуге, білім деңгейінің өсуіне және шағын елді мекендерде туристік және экологиялық арнайы білімі бар адамдардың пайда болуына ықпал етеді [6]. Қарқаралы қаласының аумағында фермерлік және жеке қосалқы шаруашылықтар негізінде «GUEST HOUSE» қонақ үйлерін ұйымдастыру және олардың аумақтардағы қолөнермен және дәстүрлермен тығыз қарым-қатынасы әлеуметтік – экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде-қалыптасу кезеңінде ғана тұр. Өңірдегі ауылдарда да осы қызмет түрінің қаншалықты белсенді және қаншалықты жылдам дамитыны барлық мүдделі құрылымдардың топтасуына байланысты. Осы қызмет түрін дамыту мен ілгерілетудің маңызды шарттарының бірі - кадрларды даярлау. Қарқаралы ауданындағы агротуризм, экотуризм, сондай ақ «GUEST HOUSE» қонақ үйлері де осы шағын аумақты дамытудың баламалы және перспективалы түріне айналуға тиіс. Аумақтардағы туристік қызметті дамыту өңірге қаражаттың, инвестициялар мен инновациялық жобалардың ағылуын ынталандыратын, әлеуметтік инфрақұрылымның, дәстүрлі қолөнер мен кәсіпшіліктің дамуына ықпал ететін, сондай-ақ өңірдің ауылдық жерлерінің маңызды әлеуметтік-экологиялық-экономикалық проблемаларын шешетін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №360 қаулысы.
2. Ұлттық статистика бюросының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ресми сайты. Негізгі көрсеткіштер (stat.gov.kz)
3. Песонен Ж. А. Ауыл туристерін сегменттеу: итеру және тарту ынталандыруларының үйлесімі//Туризм және қонақ үй менеджменті. 2011, 69-82 б.
4. Еливорд Е. Ауылдық туризмді дамыту: Ауылдық жерлерде желілік мүдделі тараптармен қарым-қатынастың интеграцияланған моделін ұсыну // Голуей: Майо технологиялық институты, 2009.
5. Гладкий о.в. Қалалық туризмді қалыптастырудың мәні мен теориялық негіздері / О. В. Гладкий // Туризм және қонақжайлылық: кеше, бүгін, ертең.: халықарал.ғылымдар.-практ.конф. - Черкасы: Баспагер А. М. Третьяков, 2016. - Б.14-16.
6. Беловодская О. А. Қала брендинің құрудың теориялық және әдістемелік негіздері / О. А. Беловодская, Н.В. Гайдабрус // Маркетинг және инновациялар менеджменті. - 2012. - №1. - Б.35-43.